

"Адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өту тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 8 ақпандағы № 54 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2013 жылғы 29 наурыздағы № 96 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 08 мамырда № 8454 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 24 қыркүйектегі № 1439 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 24.09.2018 № 1439 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 7 -тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өту тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 8 ақпандағы № 54 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7430 болып тіркелген, 2012 жылғы 26 мамырдағы № 154-156 (26973-26975) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

Адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өту тәртібі туралы ереже осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің төрағасы Б.Ш. Әбішевке жүктелсін.

3. Осы бұйрық оның ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Имашев

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2013 жылғы 29 наурыздағы
№ 96 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2012 жылғы 8 ақпандағы
№ 54 бұйрығымен
бекітілген

Адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өту тәртібі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өту тәртібі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) адвокаттың тағылымдамадан өтушілеріне (бұдан әрі – тағылымдамадан өтушілер) қабылдау шарттарын, тағылымдамадан өтушілердің тағылымдамадан өту тәртібін белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының жоғары заң білімі бар азаматы тағылымдамадан өтуші болып табылады.

Адвокаттық қызметтің кәсіби білімдері мен практикалық дағдыларын игеру тағылымдамадан өтудің мақсаты болып табылады.

"Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы " Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 34-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 9), 10) және 12) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша судьяның өкілеттіктерін тоқтатқан адамдар тағылымдамадан өтпейді.

2. Тағылымдамадан өтуге жіберу, тағылымдамадан өту туралы шарт жасасу тәртібі

3. Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына арналған лицензияны алу үшін тағылымдамадан өтуге ниет білдірген адам тағылымдамадан өтуге жіберу туралы еркін нысандағы өтінішпен адвокаттар алқасының төралқасына жүгінеді.

Тағылымдамадан өтуге жіберу туралы өтінішке мына құжаттар қоса беріледі:

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) жоғары заң білімі туралы дипломның көшірмесі (салыстыру үшін дипломның түпнұсқасы берілмеген жағдайда, нотариалды куәландырылған көшірмесі);

3) өз қолымен толтырылған өмірбаян;

4) еңбек кітапшасы немесе заң мамандығы бойынша жұмыс өтілін растайтын өзге де құжат;

5) тағылымдамадан өтуге ниет білдірген адамның тұрғылықты жері бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлер берген денсаулығының жағдайы туралы медициналық анықтамалар;

6) соттылығының жоқтығы не болуы туралы анықтама;

7) мөлшері 3x4 см екі фотосурет.

4. Тағылымдамадан өтуге жіберу туралы өтініш оның келіп түскен күнінен аспайтын отыз күнтізбелік күн мерзімінде тағылымдамадан өтуге ниет білдірген адамның қатысуымен адвокаттар алқасы төралқасының отырысында қаралады.

Тағылымдамадан өтуге жіберу туралы өтінішті қарау нәтижелері бойынша адвокаттар алқасының төралқасы мына дәлелді шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) тағылымдамадан өтуге жіберу туралы;
- 2) тағылымдамадан өтуге жіберуден бас тарту туралы.

5. Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы мен тағылымдамадан өтуші тағылымдамадан өтуге жіберу туралы шешім қабылдаған күні тағылымдамадан өту туралы шарт жасасады.

Тағылымдамадан өту туралы шартта көрсетіледі:

- 1) шарт жасасу күні мен орны;
- 2) тараптардың атауы;
- 3) тағылымдамадан өту орны;
- 4) тағылымдамадан өтушінің, тағылымдама жетекшісінің, адвокаттар алқасы төралқасының және адвокаттар алқасы төралқасы төрағасының құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі;
- 5) жұмыс уақытының режимі;
- 6) адвокаттар алқасының төралқасына тағылымдамадан өту барысы туралы есеп беру мерзімдері;
- 7) тағылымдамадан өтудің ұйымдастырылуы үшін ақының мөлшері мен төлеу мерзімі;
- 8) осы ережеге және қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін басқа да жағдайлар.

Шарт адвокаттар алқасы төралқасы төрағасының, тағылымдамадан өтушінің, тағылымдама жетекшісінің қол қоюымен және адвокаттар алқасының мөрімен бекітіледі.

3. Тағылымдамадан өту тәртібі мен шарттары

6. Тағылымдама ақылы негізде, күндізгі нысанда, тағылымдамадан өтуге кандидат тұрғылықты жері бойынша тіркелген заң консультациясында немесе адвокат кеңсесінде жүзеге асырылады.

Тағылымдама кемінде бес жыл адвокаттық қызмет өтілі бар адвокаттың басшылығымен жүзеге асырылады. Тағылымдамадан бір уақытта бір адвокатта екі адамнан аспайтын тағылымдамадан өтуші өте алады.

7. Тағылымдаманың ұзақтығы алты айдан бір жылға дейін құрайды. Адвокаттар алқасының төралқасы тағылымдама жетекшісінің қолдаухатын, тағылымдамадан өтуші дайындаған іс жүргізу және өзге де құжаттарды қарау

және тағылымдамадан өтушімен әңгімелесу нәтижелері бойынша тағылымдама басталған күннен бастап алты ай өткен соң тағылымдамадан өту мерзімін қысқартады.

Алдыңғы жұмыс тәжірибесі және заң мамандығы бойынша бес жылдан кем болмайтын жұмыс өтілі тағылымдамадан өту мерзімін қысқарту туралы қолдау хат беруге негіз болып табылады.

Заң мамандығы бойынша жұмыс өтілі болмаған жағдайда, тағылымдаманың мерзімі бір жылдан кем болмауы тиіс.

8. Тағылымдамадан өтуші ретіндегі жұмыс кезеңі заң мамандығы бойынша жұмыс өтіліне есептеледі.

Тағылымдамадан өтуге жіберілген адам адвокаттар алқасының кадрлық құрамына тағылымдамадан өтуші ретінде қабылданады. Тағылымдамадан өтуші мен тағылымдаманың жетекшісі туралы деректер Адвокатураның бірыңғай ақпараттық жүйесіне енгізіледі.

9. Тағылымдамадан өту осы Ережеге қоса берілген және оны адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы бекіткен 1-қосымшаға сәйкес Тағылымдамадан өтудің үлгі бағдарламасының негізінде әзірленген жеке бағдарлама бойынша жүзеге асырылады.

Тағылымдама аяқталғаннан кейін тағылымдамадан өтуші:

1) тағылымдамадан өту орны, оның мерзімдері мен одан өту реттілігі туралы мәліметтер;

2) тағылымдама жоспары бойынша орындалған жұмыстардың сипаты;

3) тәжірибелік дербес жұмыстың игерілген дағдылары;

4) тағылымдаманы ұйымдастыруды және өткізуді жетілдіру бойынша ескертулер мен ұсыныстар қамтылатын қорытынды есепті жасайды.

Тағылымдаманың қорытындысы бойынша тағылымдама жетекшісі осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша қорытынды жасайды.

Қорытындыға тағылымдамадан өтушінің қорытынды есебі, тағылымдамадан өтуші жасаған және оған тағылымдамадан өтуші мен тағылымдама жетекшісі қол қойған іс жүргізу және өзге де жазбаша құжаттардың жобалары қоса беріледі.

Тағылымдаманың қорытындысы туралы материалдарды тағылымдамадан өтуші тағылымдамадан өткен заң консультациясының немесе адвокат кеңсесінің басшысы адвокаттар алқасының төралқасына тағылымдама аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей енгізеді.

10. Тағылымдама материалдарын қарау нәтижелері бойынша адвокаттар алқасының төралқасы тағылымдамадан өту туралы қорытындыны бекіту туралы не тағылымдамадан өту туралы қорытындыны бекітуден бас тарту туралы шешімді қабылдайды.

Тағылымдамадан өту туралы қорытындыны бекітуден бас тарту туралы шешім дәлелді болуы тиіс. Тағылымдамадан өту туралы қорытындыны бекітуден бас тарту туралы адвокаттар алқасы төралқасының шешімімен келіспеген жағдайда сот тәртібімен шағым жасалады.

Тағылымдамадан өтпеген адам тағылымдамаға жалпы негіздерде қайта жіберіледі.

11. Тағылымдаманың әр айы үшін ақы төлеу мөлшері есеп айырысу жүргізілетін күнге белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде белгіленеді.

Төлем фактісі адвокаттар алқасының бухгалтериясы беретін кіріс-кассалық ордермен не банктік төлем құжатымен расталады.

12. Тағылымдамадан өту кезеңінде тағылымдамадан өтуші тағылымдама жетекшісінің басшылығымен адвокаттар алқасын ұйымдастыру қағидаларымен және қызметімен танысады, заңды көмек алуға жүгінген тұлғаларды адвокаттың қабылдауын ұйымдастыру, құқықтық сипаттағы жазбаша құжаттарды жасау, қылмыстық және азаматтық сот ісін жүргізудің және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізудің әртүрлі кезеңдерінде нақты істі жүргізу тәртібін, қылмыстық қудалаудан не әкімшілік құқық бұзушылықтан жәбірленген адамдардың мүдделерін білдіруді жүзеге асыру ерекшеліктерін зерделейді.

Тағылымдамадан өтуші іс жүргізу құжаттарының жобаларын дербес жасайды және оларды тағылымдаманың жетекшісіне тексеруге ұсынады.

Тағылымдамадан өтуші адвокаттар азаматтар мен заңды тұлғалардың өкілдеріне заң консультацияларын берген кезде, тағылымдама жетекшісінің тапсырмасы бойынша және тергеушінің немесе анықтаушының, және/немесе прокурордың рұқсатымен тергеу және іс жүргізу әрекеттері өткізілген кезде, сондай-ақ олардың материалдарында мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтер қамтылған істерді қоспағанда, олар бойынша қорғаушы және/немесе өкілі ретінде тағылымдама жетекшісі немесе басқа да адвокаттар сөз сөйлейтін істер бойынша сот отырыстарында қорғаушының немесе өкілдің ұстанымын әзірлейді.

13. Тағылымдамадан өтуші тағылымдамадан өткен кезде:

1) Қазақстан Республикасы таныған халықаралық құқықтық актілерді қоса алғанда адвокаттық қызмет және адам құқықтарын қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді зерделейді;

2) заң консультациясында, адвокат кеңсесінде тағылымдамадан өтушілер үшін ұйымдастырылатын сабақтарға тұрақты түрде қатысады;

3) адвокаттар алқасының төралқасы тағылымдаманы ұйымдастыру шеңберінде өткізетін іс-шараларға қатысады;

4) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағылымдама күнделігін жүргізеді;

5) адвокаттар алқасының төралқасына тағылымдамадан өту туралы шартта белгіленген мерзімдерде тағылымдаманың барысы туралы есеп береді;

6) тағылымдама мерзімінің аяқталуы бойынша қорытынды есепті дайындайды.

Есепке тағылымдамадан өтуші мен тағылымдама жетекшісі қол қойған, тағылымдамадан өтуші тағылымдама уақытында жасаған іс жүргізу және өзге де жазбаша құжаттардың жобалары қоса беріледі.

14. Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы тағылымдамаға жалпы басшылықты жүзеге асырады, қолданыстағы заңнама бойынша семинарларды ұйымдастырады, тағылымдама жоспарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады, тағылымдамадан өтушілердің адвокат кәсібінің дағдыларын табысты игеруі үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді, келіп түскен тағылымдама материалдарын төралқа отырысында қарауды ұйымдастырады.

15. Тағылымдамадан өтушілер туралы ақпаратты жедел алу мақсатында, адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы тағылымдамадан өтушілер туралы деректерді Адвокатураның бірыңғай ақпараттық жүйесіне енгізу үшін жауапты тұлғаны тағайындайды және олардың уақтылы толтырылуын бақылайды.

4. Тағылымдамадан өту туралы шартты тоқтату және бұзу тәртібі

16. Тағылымдамадан өту мерзімі аяқталғаннан кейін тағылымдамадан өту туралы шарттың әрекет етуі тоқтатылады.

17. Тағылымдамадан өту туралы шарт мына жағдайлардың бірі орын алған кезде бұзылады:

1) тағылымдамадан өтуші өз ниеті бойынша тағылымдамадан өту туралы шартты бұзу жөнінде өтініш бергенде;

2) тағылымдамадан өтушінің тағылымдамадан одан әрі өтуімен ұштаспайтын Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын, Адвокаттар алқасының жарлығын, адвокаттардың кәсіби этикасын бұзғанда;

3) тағылымдамадан өтушіні осы Ереженің және тағылымдамадан өту туралы шарттың талаптарын сақтамағанда;

4) тағылымдамадан өтушінің екі ай қатарынан тағылымдамадан өткені үшін жарналарын төлемегенде;

5) тағылымдамадан өтушіні қылмыстық жауапкершілікке тартылғанда не одан ақталмайтын негіздер бойынша босатылғанда.

18. Тағылымдамадан өту туралы шарт осы Ереженің 17-тармағының 2) – 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша бұзылған жағдайда, тұлға тағылымдамадан өтуге шарт бұзылған күннен бастап бір жылдан кейін жіберіледі.

5. Қорытынды ережелер

19. Осы Ережемен регламенттелмеген мәселелер адвокаттық қызметті регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасында және Адвокаттар алқасының жарғысында көзделген тәртіпте шешіледі.

Адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өту тәртібі туралы ережеге 1-қосымша

Адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өтуінің үлгі бағдарламасы

1. Теориялық бөлім

1. Адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өтуі кезеңінде зерделеуге жататын заңнамалық актілер бойынша мәселелердің үлгі тізбесі:

1) Адвокатураны ұйымдастыру мен қызметінің құқықтық негіздері.

адвокатураның мақсаты, адвокатура мен адвокаттық қызметтің ұғымы, мақсаттары, міндеттері және әлеуметтік құндылығы;

адвокатура институтының қалыптасуы және даму тарихы, шет елдердегі адвокатура;

адвокаттық қызмет белгілері, адвокатура туралы заңнама;

адвокаттық қызметті ұйымдастыру қағидалары;

адвокаттар алқасы, оның органдары, адвокаттар алқасы органдарының өкілеттіктері, адвокаттар алқасының жарғысы;

адвокаттық қызметті ұйымдастыру нысандары;

адвокаттың құқықтық мәртебесі, адвокат кәсібіне рұқсат беру тәртібі;

адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру, лицензия беруден бас тарту, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиядан айыру, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия әрекетін тоқтата тұру және тоқтату;

адвокаттар алқасы мүшесінің құқықтары мен міндеттері;

адвокаттың іс жүргізу құқықтары мен міндеттері, заңды тыйым салулар, адвокаттық қызметтің кепілдіктері, адвокаттың жауапкершілігі;

адвокаттың еңбек ақысы, адвокаттық қызметке салық салу;

адвокаттың қылмыстық және азаматтық істер, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер жөнінде мақсатты заң көмегін көрсету бойынша қызметі, адвокаттар ақысыз көрсететін заңгерлік көмек, адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және олардың қорғаумен, өкілдік етумен байланысты шығыстарын республикалық бюджет есебінен өтеу;

адвокаттар мен адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тәртіптік жауапкершілігі.

2) адвокаттың кәсіптік әдебі:

әдептің адвокат қызметіндегі мәні мен мазмұны, адвокаттардың кәсіптік әдебі кодексі;

адвокат құпиясы, адвокаттың әртүрлі қызмет саласындағы мінез-құлық әдебінің ережелері: адвокат-әріптес, адвокат-қорғалатын адам, адвокат-сенім білдіруші жүйесіндегі адвокаттың мінез-құлық әдебінің ережелері, адвокаттың құқық қорғау органдарымен және сотпен өзара қарым-қатынас жасаудағы мінез-құлық әдебі, адвокаттың консультация беру, тапсырманы қабылдау (шарт жасау), мүдделер тартысындағы мінез-құлық әдебі;

заң көмегін көрсету және адвокаттың еңбек ақысын төлеу туралы шарт жасасқан кезде адвокат әдебінің ережелерін сақтау;

адвокат және бұқаралық ақпарат құралдары, заң көмегін көрсету туралы ақпаратты таратудың әдептік негіздері;

адвокаттың қоғамдық маңызды міндеттері, адвокаттың жеке басының кәсіби маңызды қасиеттері;

3) адвокат қызметінің стандарттары:

адвокат қызметін ұйымдастыру негіздері, адвокаттың іс-жүргізу іс-әрекетінің стандарттары;

адвокаттың шешендік өнерінің негіздері, қорғау сөзін құрудың логикалық, психологиялық, әдептік негіздері, қорғау сөзінің коммуникативтік қасиеттері;

адвокаттың қызметін жоспарлау;

адвокаттық іс жүргізу, оны қалыптастыру тәртібі;

құжаттарды дайындау кезеңдері, адвокаттың құжаттарды жасауының заң техникасы, оның маңызы және элементтері (ережелері, құралдары, тәсілдері);

адвокаттың өкілеттіктерін куәландыру;

4) адвокаттың консультативтік жұмысы:

адвокаттың консультативтік жұмысының ұғымы, оның мақсаттары мен міндеттері, консультация беруді ұйымдастыру және өткізу тәртібі;

сұхбат жүргізу және оның кезеңдері, сұхбат жүргізудің психологиялық аспектілері, әңгімені құрудың тәсілдері;

консультативтік қызмет түрлері: консультациялар, құқықтық мәселелер бойынша анықтамаларды дайындау және беру тәртібі;

консультация кезеңдері: консультацияның жалпы жоспарын дайындау, жағдайды құқықтық бағалау, істің перспективасын ашу, жүгінген адамның мінез-құлық нұсқаларына және жағдайдың дамуының ықтимал нұсқаларына қатысты ұсынымдар беру және басқа да мәселелер;

5) адвокат қылмыстық іс жүргізуде:

қылмыстық іс жүргізу кезеңдері, адвокаттың қылмыстық істер бойынша қорғаушы ретінде қатысуы, құқықтары мен міндеттері, құқықтық жағдайы, қылмыстық іс жүргізуде қорғаушы ретінде заң көмегін көрсетудің тәсілдері мен әдістері;

адвокатты шақыру, тағайындау және ауыстыру, адвокаттың қылмыстық іс жүргізуде міндетті қатысуы;

қорғаудың негізгі құралдары, тәсілдері мен әдістері;

қорғаушыдан бас тарту, бас тартуды қабылдау шарттары;

қорғалушымен әңгімелесу;

адвокаттың сотқа дейінгі іс жүргізудегі қызметі: адвокаттың қылмыстық іс жүргізуге кірісу сәті, қорғаушының өкілеттіктері, оларды ресімдеу тәртібі, адвокаттың тергеу және іс жүргізу іс-әрекеттері жүргізілген кезде қорғаушы ретінде қатысуы;

адвокаттың күдіктіні ұстауға және тергеу мен анықтаудың кейінгі кезеңдеріне, жеңілдетілген сотқа дейінгі іс жүргізуге қатысуы;

құпиялылықты сақтау;

өтініш беру тәртібі, қылмыстық қудалау органының іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағым жасау, қорғаушының құқық қорғау органдарының өкілдерімен өзара қарым-қатынастары;

тергеу нысандары: жеңілдетілген сотқа дейінгі іс жүргізу, анықтау, алдын ала тергеу;

адвокаттың бірінші инстанциядағы сотқа қатысуы, адвокаттың құқықтары, міндеттері мен өкілеттіктері, істің материалдарымен танысу тәртібі және қадағалау іс жүргізуді қалыптастыру, сот отырысының хаттамасымен танысу, сот отырысының хаттамасына ескертулер дайындау және беру тәртібі, үкім түрлері, сот актілеріне шағым жасау;

сотта істі қысқартылған тәртіпте қарау;

іс жүргізу мерзімдері, іс жүргізу мерзімдерін ұзарту және қалпына келтіру;

адвокаттың сот шешімдеріне апелляциялық шағым жасау ерекшеліктері;

адвокаттың апелляциялық шағымдар, наразылықтар бойынша істерді қарауға қатысуы, қорғаушының апелляциялық инстанцияға міндетті қатысуы;

кассациялық шағым жасау ерекшеліктері, адвокаттың кассациялық инстанцияға қатысуы, адвокаттың кассациялық инстанцияға міндетті қатысуы;

апелляциялық және кассациялық шағым: жасау, беру тәртібі, реквизиттері, беру мерзімдері және оны апелляциялық және кассациялық инстанциялардың отырыстарында баяндау тәртібі;

адвокаттың сот үкімін орындауға байланысты мәселелерді шешуге қатысуы, үкімді орындауға байланысты сот қаулыларына шағым жасау тәртібі;

адвокаттың заңды күшіне енген сот шешімдерін қайта қарау бойынша іс жүргізуге қатысуы, сот үкімдері мен қаулыларын соттық қадағалау тәртібімен қайта қарау туралы өтініштерді жасау және беру тәртібі, адвокаттың өтінішті алдын ала қарауға және қадағалау алқасының отырысына қатысуының ерекшеліктері, адвокаттың қадағалау инстанциясындағы сотқа міндетті қатысу негіздері;

іс бойынша іс жүргізуді жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты қайта қозғау кезеңінде адвокаттың қатысуының іс жүргізу және рәсімдік мәселелері;

адвокаттың қылмыстық іс жүргізуге жәбірленушінің өкілі, азаматтық талап қоюшы және жауапкер ретінде қатысуы;

қылмыстық іс жүргізудегі азаматтық талап арыз;

адвокат алқабилердің қатысуымен өтетін сотта: адвокаттың қорғаушы немесе өкіл ретінде қатысуының ерекшеліктері, алдын ала тыңдау, алқабилер алқасын қалыптастыру, адвокаттың сот тергеуіне қатысуының іс жүргізу ерекшеліктері, тараптардың жарыссөздерінде сөз сөйлеуінің іс жүргізу аспектілері, алқабилер алқасының шешуіне жататын мәселелерді қалыптастыру және оларды қоюға адвокаттың қатысу ерекшеліктері, алқабилердің қатысуымен сот шығарған үкімге шағым жасау ерекшеліктері;

істердің жеке санаттары бойынша адвокаттың қатысу ерекшеліктері: медициналық сипаттағы, кәмелетке толмағандардың істері және жеке айыптау істері бойынша мәжбүрлеу шараларын қолдану;

істі талдау зангердің кәсіби дағдысы ретінде, іс бойынша ұстанымды әзірлеу және іске асыру, адвокаттың сотта жауап алуды өткізу ерекшеліктері;

адвокаттың дәлелдемелермен жұмыс істеуі, дәлелдемелерді жинау және ұсыну тәртібі, дәлелдемелерді талдау;

б) адвокат әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс жүргізуде:

әкімшілік құқық бұзушылық үшін жаза тағайындаудың жалпы қағидалары, әкімшілік жаза мерзімдерін есептеу, әкімшілік жауапкершіліктен және әкімшілік жазадан босату;

кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауапкершілігі, кәмелетке толмағандарға әкімшілік жазаны қолдану ерекшеліктері;

салық салу саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар, әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар;

әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілетті органдар, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуге қатысушылар, олардың құқықтары мен міндеттері, адвокаттың әкімшілік іс жүргізуге қатысуы;

қорғаушының міндетті қатысуы, қорғаушыны шақыру, тағайындау, ауыстыру, оның еңбегіне ақы төлеу, қорғаушыдан бас тарту;

қорғаушының өкілеттіктері, адвокат жәбірленушінің өкілі ретінде;

лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттері мен шешімдеріне оларға бағыныстылық тәртібімен шағым жасау, қорғанушылардың мүдделерін әкімшілік материалдарды қарауға өкілетті органдарда білдіру, адвокаттардың әкімшілік жауапкершілігі;

7) адвокат азаматтық іс жүргізуде:

адвокаттың өкіл ретінде қатысу негіздері, адвокаттың азаматтық істі жүргізуге тапсырманы қабылдау шарттары, тараптың өкілі ретінде адвокаттың қатысуын болдырмайтын мән-жайлар;

азаматтық іс бойынша өкіл адвокаттың өкілеттіктері: жалпы және арнайы;

азаматтық іс бойынша ұстанымды әзірлеу және іске асыру, өкіл адвокаттың құқықтық ұстанымына қойылатын талаптар, жұмыс кезеңдері;

азаматтық іс жүргізу нысанының мәні, негізгі белгілері және маңызы;

азаматтық іс жүргізудегі сот ісін жүргізу түрлері (талап қою, ерекше, ерекше талап қою, бұйрық);

азаматтық іс жүргізу қағидаттары мен кезеңдері, азаматтық істердің ведомстволық бағыныстылығы және сотқа бағыныстылығы;

дәлелдемелердің ұғымы, соттың дәлелдеуі, оның мәні, дәлелдеу субъектілері; дәлелдемелерді жинау және ұсыну тәртібі, оппоненттердің дәлелдемелерімен жұмыс істеу;

іс жүргізу мерзімдері, іс жүргізу мерзімдерін ұзарту және қалпына келтіру;

құқықтар мен заңды мүдделерді қорғаудың талап қою нысаны, талап қою ұғымы мен құқықтық табиғатты, жауапкерді қорғаудың іс жүргізу құралдары;

тараптардың бітімгершілік келісімі;

істердің түрлі санаттары бойынша жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін білдіру тәртібі мен ерекшеліктері;

адвокаттың азаматтық істерді қайта қарау процесіне қатысуы: апелляциялық, кассациялық, қадағалау инстанциялары, азаматтық істерді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау;

сот актілерін сот қадағалауы тәртібімен қайта қарау туралы апелляциялық, кассациялық шағымдар мен өтініштерді жасау тәртібі;

8) дауларды шешудің баламалы тәсілдері:

келіссөздер, медиация, нотариат, төрелік;

аралық соттарды құру тәртібі, ұйымдастыру және қызмет қағидаттары, Қазақстан Республикасы аралық соттарының шешімдерін орындау, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудағы аралық соттардың маңызы, аралық талқылау тәртібі, аралық сот шешімдеріне шағым жасау және оны орындау тәртібі;

9) заңды тұлғаларды құқықтық қамтамасыз ету, кәсіпкерлікті қорғау бойынша адвокаттық қызмет:

заңды тұлғаларды құқықтық қамтамасыз ету түрлері мен негізгі мәселелері, адвокаттың контрагенттермен келіссөздерге қатысуы, шарттарды, келісімдерді және заңды тұлғаның басқа да жеке құжаттарын жасау, адвокаттың заңды тұлғаның өкілі ретінде мемлекеттік және өзге де органдармен және олардың лауазымды тұлғаларымен өзара іс-қимылы, шарттық-талап қою жұмысы және мәмілелердің орындалуын сүйемелдеу;

адвокаттың кәсіпкерлікті заңгерлік қорғау бойынша қызметін құқықтық реттеу және оның ерекшеліктері, адвокаттың кәсіпкерлік қызмет саласында жүзеге асыратын заңгерлік қорғау түрлері:

құрылатын шаруашылық субъектілердің ұйымдастыру-құқықтық нысандарын таңдау, құқықтық қорытындыларды дайындау, мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдармен сенімгерлердің мүдделерін білдіру;

10) адвокаттар көрсететін заңды көмектің өзге де түрлері:

заңгерлік көмек алуға жүгінген тұлғалардың мүдделерін мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда білдіру;

адвокаттың конституциялық іс жүргізуге қатысушының өкілі ретінде Конституциялық Кеңеске қатысуы;

адамның құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласында Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен танысу;

адвокаттық қызмет саласындағы халықаралық құжаттармен танысу;

адвокаттың сот актілерін орындау кезеңіне қатысуы;

салық органдарында, өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдарда, азаматтармен өзара қарым-қатынастарда сенімгерлердің мүдделерін білдіру;

адвокаттың прокуратура органдарымен өзара іс-қимылы;

адвокаттың халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылы.

2. Практикалық бөлім

Тағылымдамадан өту кезеңінде адвокаттардың тағылымдамадан өтушілері жасауы қажет болатын іс жүргізу құжаттары жобаларының тізбесі:

1) талап арыздар:

некені бұзу және мүлікті бөлу туралы;

алименттерді өндіріп алу туралы;

әке болуды анықтау туралы;

жалақыны, зейнетақы және жәрдемақыны өндіріп алу туралы;

еңбек, зейнеткерлік және тұрғын үй құқықтарын қалпына келтіру туралы;

заңсыз соттаудан, қылмыстық жауапкершілікке заңсыз тартылудан, бұлтартпау шараларын заңсыз қолданудан не әкімшілік қамау түрінде әкімшілік жазаны заңсыз қолданудан азаматқа келтірілген зиянды өтеуге байланысты;

азаматты хабар-ошарсыз кеткен деп тану туралы;
азаматты қайтыс болды жариялау туралы;
мұрагерлік құқығы туралы куәлігін жарамсыз деп тану туралы;
сату-сатып алу шартын жарамсыз деп тану туралы;
сыйға тарту шартын жарамсыз деп тану туралы;
кепілге беру шартын жарамсыз деп тану туралы;
материалдық залалды және моральдық зиянды өтеу туралы;
заңды тұлғаны құру, қайта ұйымдастыру және таратуға байланысты;
жер учаскелеріне, ғимараттарға, үй-жайларға, құрылыстарға, басқа да объектілерге құқықтар туралы;

жермен берік байланысты (жылжымайтын мүлік);

2) өтініштер:

сараптама тағайындау туралы;
маманды іс жүргізу іс-әрекеттеріне қатысуға тарту туралы;
дәлелдемелерді сұратып алдыру туралы;
жабық сот отырысын өткізу туралы;
істі жауапкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа тапсыру туралы;
тиісті емес жауапкерді тиісті жауапкерге ауыстыру туралы;
куәні шақыру туралы;
заң көмегіне ақы төлеуден толық немесе ішінара босату туралы;
өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіру туралы;
талап қоюды қамтамасыз ету туралы;
істі талқылауды кейінге қалдыру туралы;
өзге де мәселелер бойынша;

3) арыздар:

соттың қарауына жатпайтыны туралы;
қарсылық білдіру туралы;
талап арыздан бас тарту туралы;
дәлелдемелерді қамтамасыз ету туралы;

4) заңды күшіне енген сот актісіне дау айту (шағым жасау) туралы
апелляциялық, кассациялық шағымдар мен өтініштер:

мұрагерлік құқығы туралы куәлігін жарамсыз деп тану туралы;
сатып алу-сату шартын жарамсыз деп тану туралы;
сыйға тарту шартын жарамсыз деп тану туралы;
материалдық залалды және моральдық зиянды өтеу туралы;
жалақыны, зейнетақы және жәрдемақыны өндіріп алу туралы;
еңбек, зейнетақы және тұрғын үй қатынастарын қалпына келтіру туралы;

заңсыз соттаудан, қылмыстық жауапкершілікке заңсыз тартылудан, бұлтартпау шараларын заңсыз қолданудан не әкімшілік қамау түрінде әкімшілік жазаны заңсыз қолданудан азаматқа келтірілген зиянды өтеу туралы;

5) заңды күшіне енген сот актілерін мынадай қылмыстар жасағанда қайта қарау туралы апелляциялық, кассациялық шағымдар, өтініштер:

кісі өлтіру;

денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру;

зорлау;

ұрлық;

тонау;

алаяқтық;

қорқытып алу;

жала жабу;

балаларын асырауға арналған қаражатты төлеуден әдейі жалтару;

еңбекті қорғау ережелерін бұзу;

жерге арналған заттай құқықтарды бұзу;

заңсыз кәсіпкерлік;

лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану;

пара алу;

бұзақылық;

есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды заңсыз дайындау, өңдеу, сатып алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе өткізу;

б) адвокаттық іс жүргізу, маңызы, мақсаты және оны қалыптастыру тәртібі.

Адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өту тәртібі туралы ережеге 2-қосымша

Нысан

_____ адвокаттар

(алқаның атауы)

алқасы төралқасының отырысында
бекітілді

_____ жылғы № _____ хаттама

Адвокаттар алқасы төралқасының

төрағасы _____

ҚОЛЫ Т.А.Ә.

Тағылымдамадан өткені туралы қорытынды

Тағылымдамадан өтуші _____

—

толық т.а.ә.
адвокаттар алқасы төралқасының _____ жылғы № _____ қаулысының және
_____ жылғы № _____ тағылымдамадан өту туралы шарттың негізінде
тағылымдамадан өтті.

Тағылымдама жетекшісі болып _____ жылдан аса адвокаттық
қызмет өтілі бар _____

толық атауы
заң консультациясы/адвокат кеңсесі арқылы адвокаттық қызметті жүзеге
асыратын адвокат

толық т.а.ә., _____ жылғы № _____ лицензия
тағайындалған.

Тағылымдамадан өту мерзімі _____ жылдан бастап ____ жылға
дейін бір жылға белгіленген.

Тағылымдамадан өту мерзімі адвокаттар алқасы төралқасының ____
жылғы қаулысының негізінде _____ айға дейін қысқартылған.

Тағылымдамадан өту уақытында тағылымдамадан өтуші
_____ тағылымдамадан өтудің жеке

толық т.а.ә.
бағдарламасын толық орындады.

Тағылымдама жетекшісі _____

қолы т.а.ә.

Адвокаттардың тағылымдамадан
өтушілерінің тағылымдамадан өту
тәртібі туралы ережеге 3-қосымша

Нысан

Тағылымдама күнделігі

Адвокаттың тағылымдамадан өтушісі _____

т.а.ә.

Тағылымдамадан өту орны _____

т.а.ә.

Тағылымдамадан өту күні: _____ жылдан бастап _____ жылға дейін

Тағылымдаманың жетекшісі _____

Күні	Орындалған жұмыстардың қысқаша мазмұны	Тағылымдама жетекшісінің ұсыныстары мен ескертулері	Тағылымдамадан өтушінің қолы	Тағылымдама жетекшісінің қолы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК